«Зейне ана» балалар бақшасының меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№1 ХАТТАМА

Арыс қаласы **14.09.2020ж**

Қатысушылар саны: 15

Күн тәртібінде:

1.Балабақша ішілік еңбек тәртібін 2020-2021 оқу жылына бекіту

2.Жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары бойынша ата - аналарға арналған бұрыштарды жаңарту.

3.Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізетін іс – құжаттарын сараптау, тексеру, бекіту.

Тыңдалды:

1. Балалар бақшасының меңгерушісі М.Калиаскарова ұжымдағы қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, кеңесті ашық деп жариялады.

Короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020жылғы «13» тамыздағы 345 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес жұмыс жасалатыны туралы ескертіп өтті.

Ата-аналардың өтініші негізінде кезекші топтарды ұйымдастыру –тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып,жұмыс жүргізілетіндігін айтып өтті. Р.Кулманова күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз козғап,қызметкерлерге бала-бақша ішілік еңбек тәртібі туралы түсінік беріп өтті. Еңбек тәртібі- қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбекқарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп,оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық категория. Еңбек тәртібі жұмыс беруші мен қызметкердің ішкі еңбек тәртібіне мойынсыну, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелерінен көрініс табады, - деп нақтылап айтты.

Сонымен қатар меңгеруші 2020-2021 жылға арналған бақша ішілік еңбек тәртібімен таныстырып, бекітті.Балалар бақшасының Жарғысында, ішкі тәртібінің ережесінде жәнелауазымдық нұсқауларында көрсетілген міндеттерді қатаң түрде орындау;

- еңбек тәртібін сақтау - жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшіліктің бұйрықтарын уақытылы орындау;

- еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын-ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау;

- жұмыс орнының таза және ұқыпты ұстау, белгіленген материалдыққұндылықтар мен құжаттарды ретпен сақтау;

- медициналық тексерістер туралы нұскауларында белгіленген тиісті мерзімге дейін медициналық тексерістен, қажетті егілуден өту.

Осы ереже бекітілгеннен кейін барлық қызметкерлер тәртіпті орындауларына міндетті екенін айтып өтті.

Барлық қызметкерлер, осы Ереже бекітілгенге дейін жұмыс аткарған және жаңадан қабылданған қызметкерлер міндетті түрде қолы қойылып таныстырылатыны жайлы да айтып кетті.Осы ереже балабақшаның ішкі құжаты болып есептелінеді және іс-жүргізу бөлімінде сақталады деп атап өтті.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Р.Кулманова сөз алып, топтардағы ата-аналар бұрышын жалпығаміндетті білім беру стандартының талаптарына сай жаңарту керектігінайтып өтті. Жас ұрпақты саналы етіп тәрбиелеу отбасы мен балабақшақызметкерлерінің бірден-бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолғакоюда ата-ана мен балабақшаның сабақтастығы үлкен септігін тигізеді.Сондықтан бақшада ата-аналармен жұмыстың алуан түрлері іскеасырылады. Солардың бірі- ата-аналар бұрышы. Онда күн тәртібі, оқуқызметтері кестесі, балалар туралы ақпарат, ата-аналар міндеттері,қауіпсіздік ережелері, ата-аналарға кеңес беру сияқты ақпараттар беріледі.Жаз маусымында түрлі ойын сауық іс-шаралары, сауықтыру шараларытуралы акпараттар берілсе, жаңа оқу жылы басталғанда жалпыға міндетті білім беру стандартына сай ауыстыру керектігін айтты.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскеріР.Кулманова педагог-тәрбиешілердің жаңа оқу жылындағы іскұжаттарын бекітілген жаңа номенклатура бойынша реттеп, жалпығаміндетті білім беру стандартына сай жасалып, мөрмен бекітіліп, сараптау комиссиясынан өткендігі туралы айтты.Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардыңқұжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;

- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;

- портфолио жинақтау;

- варнативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту. Сөз сөйледі: әдіскер Р.Кулманова биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білімберуді және ғылымды дамытудың 2020 ж арналған Үлгілік оқу бағдарламасы мен стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

(бұдан әрі -Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлт жандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеуге;

- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;

мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігіұстанымдарын қамтамасыз етуге;

-балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік,эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;

- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игерудебалалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;

- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық»,«Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.Осы бағдарламадағы өзгерістерді нақты айтып өтеді.

Қаулы :

1.2020-2021 оқу жылына арналған бақша ішілік еңбек тәртібі қатаң сақталып, бекітілсін.

2.Жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының
талаптары бойынша ата-аналарға арналған бұрыштар жаңартылсын;

3. Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізетін іс-құжаттары сарапталып, қанағаттанарлық- деп табылсын.

Балабақша меңгерушісі: М.Калиаскарова
Хатшы Ф.Алдангарова

«Зейне-ана»балалар бақшасындағы меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№2 ХАТТАМА

Арыс қаласы 2020 жыл 05 желтоқсан

Қатысушылар саны: 18

Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсандағы апталық тәрбие шараларының жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі. Айлық жоспарды бекіту.

2. Онлайн форматта «Теңдесі жок тәуелсіздік», «Қош келдің жасыл шырша» ертеңгіліктер сценарийлерін бекіту.

3. Қаржы дисциплинасы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабакшаның әдіскері Р.Кулманова тыңдалды. Ол өз сөзінде тәрбиешілердің I токсандағы апталық тәрбие шараларының жоспар (циклограмма) тексерудің нәтижесі туралы сөз козғады. Барлық топ тәрбиешілері апталық тәрбие шараларының жоспарын өз уакытында жазып жүргендігі туралы айтты. Сонымен қатар жас мамандарға циклограммаға күн тәртібінде атқарылатын іс-әрекеттерді толық жазу керектігін ескертті. Р.Ерушеев топ тәрбиешілерінің айлық жоспарын жазу барысы туралы да айтып өтті. Айлық жоспарды жазу барысында анықталған кемшіліктер бойынша «Аяна», «Балдырған» топтарына ескертулер айтылып, кемшіліктердің орнын толтыру керек екендігі тапсырылды. Тәрбиешілер балалардың тілдік қатынасын дамытуда жан жақты іздену; Оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру, ертегілерді кейіпкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жолын қарастыру да тапсырылды.

Қаулы етті:

1. I тоқсандағы апталық тәрбие шараларының жоспар (циклограмма) және айлық жоспарларды тексерудің нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Келесі мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі М.Калиаскарова тыңдалды. Меңгеруші бақшаның жылдық жоспарына сәйкес жоспарланған «Теңдесі жок тәуелсіздік», «Қош келдің жасыл шырша» атты Тәуелсіздік

күніне және жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік іс-шаралардың сценарийлерімен танысып, кейбір тұстарына өзгерту енгізу керектігін айтты.

Топ тәрбиешілеріне мерекелік іс-шараларды белгіленген мерзімде, жоғары дәрежеде өткізу керектігін айтып өтті. Сонымен қатар, ертеңгіліктер кезінде сақтық және карантиндік талап - шараларын катаң ұстанып, ата-аналарға да ескерту керектігін тапсырды.

3.Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша есепші Р.Ерушеев тыңдалды. Есепші балалардың ай сайынғы төлемақысы жөнінде айтып өтті.
Сонымен қатар, қызметкерлер арасында көпбалалы аналарға еңбекақыдан табыс салығы ұсталмайтындығын жеткізді. Көпбалалы қызметкерлерге керекті құжаттарды тапсыру керектігін айтты.

Қаулы:

1. «Теңдесі жоқ тәуелсіздік», «Қош келдің жасыл шырша» ертенгіліктер сценарийлері тексеріліп, бекітілсін.
2. Қызметкерлер арасындағы көпбалалы аналар тиісті құжаттарды өз уақытында тапсырсын.

Балабақша меңгерушісі: М.Калиаскарова
Хатшы Ф.Алдангарова

«Зейне-ана» балалар-бақшасың меңгеруші жанындағы кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Қатысқаны: барлық педагогтар 15.02.2021ж

Күн тәртібінде:

1.Топтардағы күн тәртібінің сақталуы. (әдіскер Раушан Кулманова)

2.Инфекциялық аурулардың алдын алу. (медбике Ырыс Медетбекова)

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер Раушан Кулманова алды. Топтардағы күн тәртібінің сақталуы туралы айтпас бұрын, күн тәртібі мәселелері бойынша тоқталып өтейін.

Күн тәртібі таңертеңгі қабылдаудан бастап, таңғы жаттығудың, тамақтанудың, ұйқының, дем алудың, таза ауада болудың, оқу сабақтарын жүргізудің, тиімді тамақтануды ұйымдастырудың, балалардың жас ерекшелігін есепке ала отырып дене тәрбиесінің гигиеналық нормасына сәйкес болуы тиіс.

Күні бойғы барлық жұмыстардың түрлері мен демалысты ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тәрбиелеу және дамуы бағдарламасының негізінде құрылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды гигиена бойынша оқыту мен тәрбиелеу, өскелең ағзаның қалыптасуы, дене және психикалық дамуын есепке ала отырып, жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

1) дене тәрбиесі бағытында: денсаулығын нығайту, жаттығулар, шынығу, белсенді қозғалу тәртібін орындауды үйрету;

2) тәрбие бағытында: мінез-құлқының мәдениеті, денсаулыққа саналы түрде қарау;

3) еңбек және эстетикалық тәрбие бағытында: еңбекке баулу, өз-өзіне қызмет көрсете білу, гигиеналық ұсыныстарды орындаудың қалыптасуы, уақытымен ұйықтау, тыныңу, ойнау, демалу-адам денсаулығына өте пайдалы. Күнделікті таза ауада серуендеу, өсіп келе жатырған баланың ағзасына қажет, міне, осы дағдыларды күн тәртібінде қатаң түрде орындап отыру, күн тәртібінің орындалуы мен балалардың толыққанды дамуының кепілі.

Күнделікті күн тәртібінің сақталуын бақылау барысында таңертеңгі фильтр кезінде барлық балаларды медбикелердің есіктен қабылдау жүргізуінен аздап қиындық туындап тұр. Сол себептен таңғы жаттығуға кешігіңкіреп қалып отырмыз және әр түрлі сылтауларды желеу етіп далаға серуенге шықпай қалған топтарда кездесіп қалады. Ерте үйге кетіп жүрген балалардың топ тәрбиешілеріне күннің екінші жартысындағы балалармен өтетін шаралардың толық орындалуын тапсырамын, сол себептен баланы ерте үйге қайтармауға шақырамын. Орындалмай қалған жағдайларда ескертулер беріліп жүр. Жалпы күн тәртібінің орындалуын қатаң бақылауда ұстап отырамыз.

2. Екінші мәселе бойынша медбике Ырыс Медетбекова сөз кезегін алып, инфекциялық аурулардың алдын алу тақырыбында баяндамасын оқыды.

Тұмаудың 200-ден астам түрі бар деп есептеледі. Әрбір бастан кешірген ауру вирусқа қарсы иммунитетті қалыптастырады, әрі аурудың қайталану мүмкіндігі жоқ деуге болады. Оның үстіне көптеген инфекциялық аурулар бала кезде жеңіл өтеді және қатты асқыну болмайды. Қызылша, желшешек, қызамық, шешекпен бала барынша жеңіл түрде ауырады, ал олар ересек адамның өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Егер бала балабақшада вирустық ауруға шалдықпаса, онымен мектепте ауыруы мүмкін. Ұжымда балалардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынасы кезінде ауру жұқтыру қаупі жоғары. Сондықтан барлық санитариялық-гигиеналық ережелердің орындалуын қатаң бақылау керек. Балаларды таңертең дұрыс тәртіппен қабылдау маңызды. Қабылдау бөлмесінде адамның көп жиналуына және балалар мен ата-аналардың ұзақ болуына жол берілмейді. Ата-аналар бала сырқаттанып тұрғанда балабақшаға әкелуге болмайтынын түсінуге тиіс – одан да тезірек үйге дәрігер шақырту қажет. Инфекциялық ауру анықталған кезде бұл туралы балабақшаға дереу хабарлау қажет. Баланың ауырып тұрғаны анықталғанда эпидемияға қарсы шаралар кешенін жүргізу керек:

– түпкілікті диагнозды күтпей-ақ ауру баланы топтан бөлу;

– ішек ауруы анықталғанда, топқа 7 күн мерзімге карантин жариялау;

– ойыншықтарды, ыдыс-аяқты, еденді, дәретке отыратын түбектерді және т.б. мұқият тазалау, және дезинфекциялау. Карантин кезінде әкімшілік санитариялық-эпидемияға қарсы режимнің орындалуын бақылауды күшейтуге, балаларды күтіп-бағу мен персоналдың жеке гигиена ережелерін сақтауына үлкен көңіл бөлінуі қажет. Дезинфекциялау бойынша қосымша іс-шаралар қабылдаған жөн: ыдыстарды, ойыншықтарды, еденді залалсыздандыру. Топтағы балалар мен олармен байланыстағы персоналға медициналық бақылау жүргізіледі:

– температураны екі мәрте өлшейді;

– таңертең және күннің соңында;

– балалардың дәретін тексеру. Карантин мерзімі аяқталғанша жаңадан балаларды қабылдау, бүлдіршіндер мен персоналды бір топтан екіншісіне ауыстыру тек қана эпидемиологтың рұқсатымен жүргізіледі. Ішек ауруы туындаған жағдайда топтағы балалар мен персоналды бір рет тексеру қажет. Келмей қалған балалар, ауру баламен қарым-қатынас жасаған қызметкерлер тұрғылықты жері бойынша қадағаланады. Аурудың өршуі кезінде балабақшаны құрамында дәрігер-эпидемиолог, педиатр-инфекционист бар бригада ауру тіркелген күні тексеруге тиіс. Бірнеше топта ауру бір мезгілде байқалса, байланыстағы барлық балалар, персонал, ас әзірлейтін блок жұмыскерлері және басқа да қызмет көрсететін персонал тексеріледі. Тексеру дүркінділігін эпидемиолог анықтайды. Ауырып қалған баланы медицина қызметкері қарайды және қажет жағдайда ата-анасын шақырады. Баланы учаскелік дәрігердің бақылауына, үйіне немесе егер міндетті түрде ауруханаға жатуды талап ететін жіті инфекциялық ауру анық байқалып тұрса, ауруханаға

жібереді. Ауру баланы топтан бөліп алып кеткеннен кейін де онымен қарым-қатынаста болған балалар ауру жұқтыруы мүмкін, бірақ инкубациялық (жасырын) кезеңде болады. Бұдан бөлек, үй-жай ішінде, жиһазда, құрал-жабдықта микробтар, инфекция қоздырғыштары қалуы мүмкін. Демек, инфекцияның әрі қарай таралуының алдын алу үшін топта ғана емес, одан тысқары жерлерде де шаралар қабылдау керек. Ол үшін инфекция сипатына сәйкес балаларды бақылау қажет:

– температурасын өлшеу;

– терісін, жұтқыншағын, дәретке отыруын тексеру;

– профилактикалық (ескерту) дезинфекция жүргізу. Карантин кезінде топ толығымен басқалармен үй-жайда да, учаскеде де бөлек болуға тиіс. Егер топта осы аурумен ауырған жаңа жағдай тіркелсе, карантиннің қосымша мерзімі белгіленеді, есептеу соңғы аурудың күнінен басталады.Топтың толықтай бөлектенуі: карантиндік топ оқшауланған үй-жайда орналасады, балалар оңаша учаскеде серуендейді, жеке, қосалқы кіру есігін пайдаланады. Егер балабақшада бір ғана кіру есігі болса, карантин режиміндегілер үшін басқа топтың балаларымен кездесуді болдырмас үшін серуеннен келу мен кету уақытын өзгерту керек.

Бүгінгі таңда біздің балабақшада желшешек ауруымен екі топтарының балалары ауырып карантинге жабылды. «Көгершін», «Балауса» топтарында карантиндік шаралар толығымен сақталып, бақыланып отыр.

Қаулы етеді:

1. Балаларды тәрбиелеу және дамуы бағдарламасының негізінде топтардағы күн тәртібінің сақталуы бақыланып, жүйелі жұмыстар жалғасын тапсын.

Жауапты: әдіскер

Бақылаушы: меңгеруші

2. Инфекцияның әрі қарай таралуының алдын алу жұмыстарын қатаң түрде бақылап, санитариялық-эпидемияға қарсы режимнің орындалуын бақылауды күшейту жұмыстары нығайтылсын.

Жауапты: медбике

Бақылаушы: меңгеруші

Төрайым: М.К.Калиаскарова

Хатшы: Ф.Алдангарова

«Зейне ана» балалар бақшасының меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

Хаттама № 4

Арыс қаласы 2021 жылғы 11 мамыр

Қатыскандар- 16

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мониторинг және оны өткізу /барлық топ/
2. Мектеп алды даярлық тобының қоштасу кешінің өткізілуі мен дайындығы.
3. «Балаларды қорғау күні» өткізу және ұйымдастыру.
4. Бірінші мәселе бойынша меңгеруші М.Калиаскарова сөз алды.

Білім беру сапасын басқарудың оқу үрдісіндегі негізгі тетіктері: бақылау, талдау, бағалау, бағдарлау және нәтижелердің динамикалық үрдістерін салыстыру болып табылады. Бұл үрдісте оқу - тәрбие сапасына жасалатын жүйелі бағалаудың бірден - біркөзі - мониторинг. 2021 оқу жылы аяқталғалы отыр,тәрбиеленушілердің тізімін жасап, мамыр айының 25 күніне дейін қорытынды мониторингті жасау керектігі айтылды.

5. Екінші мәселе бойынша ересек тобының тәрбиешілері сөз алды. Жалпы «Қош бол, балабақша» атты мерекеге дайындықтары жақсы. Бітірушілер венеткага түсіп, дипломдар мен балабакша өміріне белсенді қатысқан ата-аналарга грамота дайындалды. Керекті костюмдер мен залды әсемдеуге арналған заттардын тізімін жазып берді. Тәрбиешілер ертеңгіліктің сценариін көрсетті. Сценарий талқыланып, бекітілді.

6. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ф.Алдангарова сөз алды. «Балаларды қорғау күні» өткізу және ұйымдастыру жайында. Мереке 06.2022 ж музыкалық сағат түрінде өтеді. Және де мерекеге балалар қуыршақ театры шоу программасы өздерінің қызықты бағдарламасымен келетінін атап өтті.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.
2. Баланың білім деңгейін көтеру үшін жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
3. Тәрбиеші жұмысы жандандырылсын, жыл соңында қорытынды есеп берілсін.

Әдістемелік кеңестің төрайымы: **Р.Кулманова**

Хатшы: **Ф.Алдангарова**